

"Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баждың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы 1993 жылғы 24 желтоқсандағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2002 жылғы 30 шілде N 847

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баждың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы 1993 жылғы 24 желтоқсандағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баждың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы 1993 жылғы 24 желтоқсандағы келісімге Хаттаманы бекіту туралы

2001 жылғы 1 маусымда Минск қаласында жасалған Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шаруашылық дауларды қарау кезіндегі мемлекеттік баждың мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы 1993 жылғы 24 желтоқсандағы келісімге Хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

1993 жылғы 24 желтоқсандағы Әртүрлі мемлекеттердің

шаруашылық жүргізу субъектілерінің арасындағы
шаруашылық дауларын қарау кезінде мемлекеттік баж
мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы келісімге
ХАТТАМА

Ресми куәландырылған мәтін

1993 жылғы 24 желтоқсандағы Әртүрлі мемлекеттердің
шаруашылық жүргізу субъектілерінің арасындағы
шаруашылық дауларын қарау кезінде мемлекеттік баж
мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы келісімге
ХАТТАМА

1993 алғы 24 желтоқсандағы Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық жүргізу субъектілерінің арасындағы шаруашылық дауларын қарау кезінде мемлекеттік баж мөлшері мен оны өндіріп алу тәртібі туралы келісімге қатысушы - мемлекеттер оны мынадай редакцияда көрсетілген Келісімнің 2-бабына өзгерістер енгізу туралы келісті:

"2 бап

Әртүрлі мемлекеттердің аумағында орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сот қорғауы үшін тең мүмкіндік дауларын шешу кезінде қамтамасыз ету мақсатында мына бағада (Ресей Федерациясының рублінде) талап-арызбен басқа мемлекеттің сотына жүгіну кезінде мемлекеттік баждың мынадай ставкалары белгіленсін:

10 мың рубльге дейін - талап-арыз бағасынан 3 процент;

10 мың рубльден астам - 50 мың рубльге дейін - 300 рубль + 10 мың
рубльден астам
сомадан 2,5 процент;

50 мың рубльден астам - 100 мың рубльге дейін - 1 мың 300 рубль + 50

мың рубльден астам
сомадан 2 процент;

100 мың рубльден астам - 500 мың рубльге дейін - 2 мың 300 рубль +
100 мың рубльден
астам сомадан
1,5 процент;

500 мың рубльден астам - 1 млн рубльге дейін - 8 мың 300 рубль +
1 млн рубльден
астам сомадан
1 процент;

1 млн рубльден астам - 13 мың 300 рубль +
1 млн рубльден
астам сомадан 0,5
процент.

Осы Хаттама оған қол қою сәтінен бастап, ал заңнамасы ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауды талап ететін мемлекеттер үшін - депозитарияға тиісті құжаттарды беру күнінен бастап күшіне енеді.

2001 жылдың 1 маусымында Минск қаласында түпнұсқалық бір данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.